



*Менің
болашақ,
мамандығым*

Мақсаты:

Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту, оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы, мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

Міндеті:

- *Мамандықты талдай және білуге үйрету;*
- *Оқушыны өзінің қабілетін , бейімін, қызығулығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;*
- *Оқушылардың құптап отырған мамандықтарына бағыт беру;*

Бағдарлы оқыту дегеніміз не?

Бағдарлы оқыту – жалпы білім беретін мектептің аға буындағы мамандандырылған дайындық жүйесі оқытуда даралауға бағытталған, оқушыларды әлеуметтендіруге және сондай-ақ мектептің жоғары сатысы мен орта және жоғарғы кәсіби білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруға бағытталған арнайы дайындау жүйесі.

Жасөспірім мамандыққа бейімделіп,оны таңдау кезінде 3 факторды ескерген жөн:

- *Өзінің жеке бас ерекшелігін,қабілеттері мен мүмкіндіктерін,қызығушылығы мен қажеттілігін;*
- *Мамандықтың жалпы адамға қоятын талабын;*
- *Жоғарыда айтылған екі фактордың бір-бірімен өзара үндестігі мен сабақтастығын.*

Адамның кәсіби өсу жолы:

- *Ойынға дейінгі кезең – 3 жасқа дейін;*
- *Ойын кезеңі - 6 – 8 жас;*
- *Оқу әрекеттерін меңгеру кезеңі – 6 – 8 ,11 – 12 жас аралығы;*
- *Таңдау кезеңі -11 -12 ,14 – 18 жас аралығы;*
- *Кәсіби дайындық кезеңі – 15 – 18 ,16 – 23 жас аралығы;*
- *Кәсіби шыңдалу кезеңі – 16 -23 жас және одан жоғары;*

Бағдар

Бір бағдарлы

Жаратылыстану- математика

Бұл бағыт оқушылардан дәлдікті, нақтылықты, ғылымилықты талап ететін пән ретінде қарастыра болсақ, математика, физика, химия, биология, география пәндері қажет. Бұл саланы таңдағандар болашақта медицина, кибернетика, экономика т.б. салалардан биікте болуымыз шарт

Көп бағдарлы

Қоғамдық-гуманитарлық

Бұл бағыт оқушылардан нәзіктік, адамгершілікті, ақын жандылықты, шешендікті талап ететін болғандықтан, әдебиет, қазақ тілі, тарих сабақтары басты назарда болғаны шарт. Бұл саланы таңдағандар болашақ тілші, әдебиет танушы, аудармашы, журналист, лингвист, диктор, логанет т.б. мамандық ала алады.

Мамандықты қалай таңдаймыз?

Мамандық дегеніміз – адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысынын жиынтығы

*“Әріптерден басталатын
мамандық” жаттығуы*

***А, Д, Ж, И, С,
З, Ш, Т, М, Э***

- *Сен қандай маман болуды армандайсың?*
- *Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауды керек деп ойлайсыңдар?*
- *Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсың?*
- *Қазіргі таңда біздің мемлекетімізге қандай мамандар қажет деп ойлайсыңдар?*
- *Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек деп ойлайсыңдар?*

Мамандық таңдау ережесі:

- Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және сіз тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет*
- Барынша өзіңе ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауың керек*
- Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдай отырып ойыңды жүзеге асыруда және мамандықты жетік меңгеруде табандылық танытуың керек*

*“Болашақта мен ... мамандығын
таңдаймын, себебі ... ”*

*Менің
болашақ
мамандығы
М*